

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**М. Ж. Байтанатова¹, А. Уалиханова², Г. А. Спатаева³,
*М. О. Искакова⁴, Г. Д. Махамбетова⁵**

^{1,2,3}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

^{4,5}«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы А Қ,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-8223-2400>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8498-8831>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-0247-355X>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4788-4515>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4505-7215>

*e-mail: maris1976@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ЫҚПАЛЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ШОЛУ

Бұл мақала цифрлық технологиялардың жастардың мәдени құндылықтарының трансформациялануына ықпалын зерттеуге арналған теориялық-тұжырымдамалық шолу болып табылады. Жылдам дамып отырған цифрландыру жағдайында онлайн ортаға анағұрлым шоғырландырылған топ ретінде жас ұрпаққа ерекше назар аударылуда. Жұмыстың мақсаты цифрлық жағдайында құндылық көзқарастары мен мінез-құлық үлгілерінің өзгеруін сипаттайтын негізгі ғылыми тұғырлар мен эмпирикалық мәліметтерді жүйелеу және талдау болып табылады. Зерттеу жетекші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасауға негізделген және Қазақстандағы екі буын өкілдері арасында жүргізілген сандық сауалнаманың нәтижелерімен расталған. Жүргізілген талдау әлеуметтік-бағдарланған және ұжымдық құндылықтардан индивидуалистік, гедонистік және фрагменттелген бағдарларға едәуір өзгерісті анықтады. Бұл кәсіби құндылықтардың (онлайн өз бетінше білім алу), азаматтық белсенділіктің (онлайн белсенділікке ауысу) және мәдени тұтынудың (белсенді цифрлық тынығудан енжарға) трансформациясынан

көрініс табады. Цифрлық технологиялардың әсері екіұшты, өйткені ол космополиттік көзқарастардың қалыптасуына ықпал ете алады, осылайша гибридті мәдени дүниетанымды құру арқылы ұлттық бірегейлікті де нығайта алады. Сонымен қатар, әсер біркелкі емес деуге болады және әлеуметтік, экономикалық, географиялық және психологиялық факторларға тәуелді, ал бұл өз кезегінде жастардың «идеалистер», «прагматиктер», «дәстүршілдер» сияқты түрлі топтарға бөлінуіне әкеледі.

Сауалнама нәтижелері тіпті аға буын өкілдері арасында да онлайн форматтағы қарым-қатынас жанды қарым-қатынасты едәуір алмастырғанын көрсете отырып, бос уақыт тәжірибесі мен құндылық бағдарларында ұрпақтар арасындағы терең айырмашылықты дәлелдеді. Мақаланың қорытындылары цифрлық тәуелділік пен зияткерлік деградациямен байланысты тәуекелдерді азайтуға және жаңа ұрпақты дамыту үшін мүмкіндіктерді арттыруға бағытталған білім беру және мәдени саясатты әзірлеу үшін өте маңызды.

Кілтті сөздер: цифрлық технологиялар, мәдени құндылықтар, бос уақыт, ұрпақтар айырмашылығы, онлайн-платформалар, индивидуализм.

Кіріспе

Заманауи дәуір өзара әрекеттесудің, бос уақыттың және дүниетанымның қалыптасуының тұрақты модельдерін түбегейлі өзгертетін цифрлық технологиялардың кеңінен енуімен сипатталады. Қарқынды цифрландыру жағдайында осы үрдістердің онлайн-ортаға анағұрлым белсенді шоғырланып отырған жас ұрпаққа ықпалы зерттеушілердің назарын аударуда. Қоғам дамуының іргетасы болып табылатын жастардың мәдени құндылықтарының қалыптасуы қазір цифрлық платформалардың, әлеуметтік желілердің және виртуалды кеңістіктің мықты ықпалымен жүруде.

Бұл өтпелі кезең зерттеушілердің алдына дәстүрлі мәдени бағдарлардың трансформациясына және жаңа құндылықты паттерндердің пайда болуына қатысты көптеген сұрақтарды қойып отыр. Бос уақыт тәжірибесіндегі, коммуникациялық стратегиялардағы және ақпарат алудағы орын алып отырған өзгерістер жастардың әлеуметтенуі мен ұрпақтар арасындағы диалог үшін жаңа талаптар қалыптастыра отырып, жас адамдардың бірегейлігіне, дүниетанымына және басымдықтарына сөзсіз ықпал етеді. Бұл динамикаларды түсіну әлеуметтік-мәдени дамуды болжау және бейімделудің тиімді стратегияларын жасау үшін аса маңызды.

Бұл мақала цифрлық технологиялардың жастардың мәдени құндылықтарын қалыптастыруға әсерін зерттеуінің теориялық-тұжырымдамалық шолуы болып табылады. Жұмыстың мақсаты цифрлық шындық жағдайында құндылық көзқарастары мен мінез-құлық үлгілерінің өзгеруін сипаттайтын негізгі ғылыми тұғырлар мен эмпирикалық мәліметтерді талдау және жүйелеу болып табылады. Зерттеу осы өзгерістердің негізгі векторларын анықтауға, олардың екіұшты сипатын қарастыруға және жастардың түрлі әлеуметтік топтарына цифрлық әсерлердің өзгеруін анықтайтын факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Бос уақытты зерттеудегі жетекші ғалымдардың бірі Ж. Дюмазедье бос уақытты үш негізгі элементтер арқылы анықтайды: босансу мен релаксация жағдайына жету; естің дамуына және эмоционалдық жағдайдың жақсаруына мүмкіндік беретін білімді кеңейту; сондай-ақ адамдардың түрлі әлеуметтік топтарға қатысуын арттыру және тұлғааралық қарым-қатынасты дамыту мүмкіндіктерін ұсыну [1, 2].

Цифрлық тынығу қай элементке жатады? Цифрлық тынығу жас ұрпақтың мәдени басымдықтарының қалыптасуына терең ықпал етеді. Ол қауымдық құндылықтардан ләззат алуға бағытталған жеке құндылықтар жағына қарай өзгеруіне, жанды қарым-қатынасты виртуалды қарым-қатынасқа алмастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі күні Интернет өзінің ауқымды ресурстарымен жастар өмірінде отбасының, білім беру мекемелері мен жеке байланыстардың рөлін едәуір төмендеткенін айту артық болмас еді.

Сандық зерттеулер мәліметтеріне сәйкес цифрлық технологияларды қарқынды пайдалану классикалық өмірлік бағдарларды ұстанудың төмендеуімен байланыстырылады. Атап айтқанда, цифрлық орта келесілердегі өзгерістермен байланысты:

Кәсіби құндылықтар: жастар дәстүрлі, формальды білім беруден өз бетінше, желілік оқытуға (Coursera, OpenU, оқу платформалары және басқалар) кетеді.

Азаматтық белсенділік: жергілікті қатысудан онлайн белсенділікке көшу.

Моральдық құндылықтар: сүйіспеншілік, достық және әдептілік мінез-құлық көріністері цифрлық форматта, көбіне нақты моральдық кодекссіз жиі көрініс табады.

Мәдени тұтыну: белсенді, жеке мәдени тәжірибеден енжар, гедонистік цифрлық тұтынуға.

Ұлттық бірегейлік: жаһандық цифрлық контент жергілікті дәстүрлермен, өзара әрекеттеседі, кейде тіпті гибридті мәдени дүниетанымды насихаттай отырып, этникалық бірегейлікті нығайтады,

А. В. Вараксин [3] (2016) мен Т. В. Будянская [4] (2022) «әлеуметтік желілер индивидуалистік, гедонистік және материалистік бағдарларға қарай ауыса отырып, құндылық жүйелерінің деформациясы мен фрагментациясында орталық рөл атқарады» - деп атап өтті.

А. В. Вараксин де былай деп атап көрсетті: «адамгершілік және моральдық құндылықтар қазіргі жастардың негізгі құндылықтарының тізіміне енбейді, ал рухани және мәдени құндылықтар соңғы қатарларды алады. Бұл жастардың өзінің құндылықтар жүйесін өмірлік жетістіктер өлшемдерімен келісуімен байланысты» [3].

Ғалымдардың, атап айтқанда А. Рубанның [5] (2021), сондай-ақ Y. A. Zubok и V. I. Chuprov (2018) [6] еңбектері әлеуметтік бағдарланған, ұжымдық құндылықтардан индивидуализмге, гедонизм мен көңіл көтеруге негізделген басымдықтарға көшуді айтады.

Зерттеулер сонымен қатар сарапшылардың пікірлері екіге бөлінетінін көрсетеді. Егер біреулері Интернет кеңістік өзінің ресурстарымен жеке тұлға мен оның құндылық бағдарларына теріс әсер етеді деп санаса, көптеген ғалымдар оның жағымды жақтары бар және заманауи әлемге тән өзге құндылықтарды қалыптастырады деп есептейді. Мұны А. С. Демиденко жүргізген зерттеулер де растайды.

А. С. Демиденко жүргізген зерттеу барысында Интернеттің жастарға ықпалы туралы сарапшылардың пікірі әр түрлі болды. Бір жағынан, респонденттердің 75 %-ы Интернетті жастардың өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі іске асыруының ресурсы ретінде қарастырып, оның жағымсыз қырын көрмейді. Екінші жағынан, сарапшылардың жартысына жуығы (48 %) интернет орта мен «желілік» тәжірибелер тәуелділікті тудырады, сол арқылы жастардың күнделікті білім беру және кәсіби міндеттерін онлайн-ресурстарды пайдаланбай шешу қабілеттерін төмендетеді. Ақпараттық және технологиялық мәдениеттің дамуына қарамастан, олардың пікірінше, бұл зияткерлік әлеуетті шектейді. Сонымен қатар, сарапшылардың 52 %-ы болашақта «желілік» тынығу тұрғындардың қоғамдық денсаулығының нашарлауы мен демографиялық мәселеге әкеледі деп болжайды, ал тағы 52 %-ы ол зияткерлік деградация мен клиптік ойлауды тудырады деп қауіптенеді. Сонымен бірге, сарапшылардың 46 %-ы кейінгі жас ұрпақтың дамуына ықпал ететін тынығу әрекетінің жана, трансформацияланған түрлерінің пайда болуын болжай отырып, басқа көзқарасты білдіреді.

«Қазіргі уақытта жастардың бос уақытының мәдени аспектісі негізінен бұқаралық мәдениет аясында шоғырланған. Мәдени уақыт өткізудің дәстүрлі түрлері қызығушылықтың төмендеуі салдарынан жас ұрпақтың заманауи сұраныстарына бейімделе отырып өзгерістерге ұшырады», – деп есептейді А.С.Демиденко [2, с. 38].

Зерттеулер көрсеткеніндей, цифрлық орта бір мезгілде космополиттік тенденцияларды ынталандырады және жергілікті мәдени ерекшеліктерді нығайтады. Мысалы, Е.В. Бродовская мен бірлескен авторлар (2019) [7], сондай-ақ Д.В. Лосев (2024) [8] осы құбылысқа ерекше назар аударады. Атап айтқанда, азаматтардың 90 %-ы YouTube-ті негізгі ақпарат көзі ретінде пайдаланатынын көрсетеді. YouTube және әлеуметтік желілер сияқты платформалар көбіне дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен ресми білімнен асып түсе отырып, жастар үшін негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Мұндай медиаплатформалар тұрғындардың белгілі бір топтарының инновациялық, бейімдік кәсіби құндылықтарының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл жағдайда дәстүрлі ұжымдық құндылықтар неғұрлым фрагменттелген бағдарлармен ауыстырылғандықтан, индивидуализм мен гедонизмге параллельді ауысу байқалады.

Бұл ауысу жаһандық мәдени нормаларды қабылдаумен де, кейбір жағдайларда ұлттық және этникалық сәйкестікке қайта баса назар аударылумен де байланысты. Шетелдік платформалардың басымдықта болуы мәдени бытыраңқылық пен жергілікті дәстүрлердің бұзылуына қатысты алаңдаушылық тудырып отыр, ал бұл өз кезегінде этномәдени білім беруді нығайтуға және инновацияларды мұралармен теңестіруге шақырады.

Цифрлық платформалардың әсері екіұшты: бір жағынан, олар космополиттік көзқарастардың дамуын ынталандырады, ал екінші жағынан, белгілі бір жағдайларда ұлттық бірегейлікті нығайта алады, ал бұл білім беру және сараптамалық ұсыныстар сияқты медиаторларға тәуелді.

Е. В. Бродовская мен басқалардың (2019) [7] зерттеулеріне сәйкес жастар үш түрге бөлінеді – «идеалистер», «прагматиктер» және «дәстүршілдер», ал бұл олардың құндылық өзгерістеріне реакцияларының біртектес еместігін көрсетеді. Атап айтқанда, кейбір топтар цифрлық технологиялар тудырған өзгерістерге бейімделеді, ал бұл кезде басқалары өздерінің қарсылықтарын көрсетеді.

Беларусь ғалымдары В. Ф. Гигин мен Ж. М. Грищенконың [9], (2021) теориялық зерттеулері жана ұрпақтың архетиптерінің пайда болуын және белгіленген (нормативті) және шынайы (нақты) құндылықтар арасындағы теңгерімсіздікті талдайды. Бұл теңгерімсіздік өз кезегінде ұрпақтар

арасындағы алшақтықты тудырады және құндылықтардың ұрпақтар арасында берілуін қиындатады (1 кесте).

1-кесте – Түрлі әлеуметтік топтардың цифрлық әсерді қабылдауы

Әлеуметтік топ	Ц и ф р л ы қ өзараәрекеттестік деңгейі	Негізгі құндылықтарды өзгерту үлгілері	Мәдени бейімделу стратегиялары
«Идеалистер» [7]	Жоғары	Өмір бойы оқу, бейімділік, тәуекелдерді басқару	Белсенді кәсіби байланыс орнату, цифрлық сауаттылық
«Прагматиктер» [7]	О р т а ш а д а н жоғарыға қарай	Нарыққа бағдарланған, прагматикалық бейімделу	Таңдамалы цифрлық өзара әрекеттестік, құзыреттілікке назар аудару
«Дәстүршілдер» [7]	Төмен	Қатаң, жалақыға бағдарланған, енжар цифрлық пайдалану	Дәстүрлі арналарға тәуелділік, шектеулі бейімделу
Техникалық маамандық студенттері [10]	Ә л е у м е т т і к желілер, Интернет	Инновацияларға ашықтық, азаматтық белсенділік	Мәдени іс-шараларға қатысу, ұлттық мәдениет үшін мақтаныш сезімі
Қ а л а л ы қ (техникалық жастар) [8]	Жоғары	Гибридті/жаһандық - жергілікті құндылықтар, инновациялар	Ж а һ а н д ы қ платформаларды игеру, этномәдени нығайтуға деген қажеттілік
А у ы л д ы қ / этникалық жастар [8]	Орташа	Дәстүрлі/ этникалық құндылықтарды нығайту	Отбасына, жергілікті дәстүрлерге назар аудару, әлемдік нормаларға қарсы тұру
Цифрлық ұрпақ [11]	Өте жоғары	И і л і м д і л і к , көпміндеттілік, креативтілік, бірақ алшақтау қаупі	Ә л е у м е т т і к оқшаулану, цифрлық технологияларға тәуелділік
Б е л о р у с ь студенттері [9]	Жоғары	Креативтілік, цифрлық сауаттылық	Кеңейтілген әлеуметтену, жалған ақпарат алу қаупі. Дәстүрлі және шынайы мәндер арасындағы теңгерімсіздік
Жалпы студент жастар [3, 5]	Жоғары	Құндылықты гибридтілік, цифрлық тәуелділік, азаматтық белсенділік	О н л а й н қауымдастықтарға қатысу, құндылықтарды нақтылау қажеттілігі

Сонымен, цифрлық технологияның жастарға тигізетін әсері біркелкі емес және топтық қатыстылық пен пайдаланылатын цифрлық аспаптарды қоса алғанда, түрлі факторларға тәуелді. Мысалы, Л. В. Васильева және қосалқы

ғалымдар [10] (2024) техникалық бағыттағы студенттер инновацияларға ашықтық пен әлеуметтік медиа арқылы азаматтық белсенділіктің жоғары дәрежесін көрсететінін анықтады. Сонымен қатар, белорусьтік және бүкілресейлік жастарды зерттеу (В. Ф. Гигин мен Ж. М. Грищенко, 2021; А. Ruban, 2021; Y. A. Zubok и V. I. Chuprov, 2018) жаңа ұрпақ архетиптерінің қалыптасуын анықтады

Ұсынылған кесте мәліметтері цифрлық технологияларға «жоғары» және «өте жоғары» тартылу 9 топтың 5-еуінде табылғанын көрсетеді, бұл барлық әлеуметтік топтардың 55,5 %-ын құрайды.

Сондай-ақ, «Отбасына, жергілікті дәстүрлерге назар аудару, әлемдік нормаларға қарсы тұру» ауыл/этникалық жастарда табылғанына назар аударған жөн, ал «белсенді цифрлық бейімделу (соның ішінде желілік өзараәрекеттестік, жаһандық платформалар немесе онлайн-қауымдастықтар)» «идеалистерден», қалалық/техникалық жастардан және жалпы студент жастардан табылды.

Ұрпақтар айырмашылығы тақырыбы цифрлық тарнсформацияны зерттеулерде басты тақырыптардың бірі болып табылады. Егер анағұрлым жас когорттар цифрлық технологияларға бейімделудің жоғарылауымен, жаһандық трендтерге икемділікпен және ашықтықпен ерекшеленсе, онда оларда құндылықтардың бытыраңқылығының күшеюі және әлеуметтік оқшаулануға тенденциялар байқалады. Y. A. Zubok, V. I. Chuprov, (2018) бұған қарама – қарсы аға буын анағұрлым консервативті құндылықтарды ұстануға және енжар тынығуға басымдық беруге бейім екенін атап көрсетеді. Бұл кереғарлық жаңа ұрпақ архетиптерінің қалыптасуымен және жастардың цифрлық бейімделу деңгейіне қарай бөлінуімен қатар (Е. В. Бродовская, 2019), құндылық өзгерістерінің күрделі және біркелкі емес сипатын көрсетеді.

Бұл архетиптер қалыптасқан мәдени нормалармен қатар өмір сүре алады және олармен қайшылыққа да түсуі мүмкін. Тұтастай алғанда, зерттеу нәтижелері цифрландырудың жастардың өміріндегі білім беру, кәсіби және тұлғалық өлшемдеріне едәуір әсер ететіндігін растайды.

Цифрлық технологиялардың әсері әмбебап емес және түрлі әлеуметтік топтарда түрліше көрініс табады, бұл өзара байланысты көптеген факторларға тәуелді.

Әлеуметтік-экономикалық мәртебе және білім деңгейі де маңызды рөл атқарады. Жоғары мәртебесі мен білімі бар адамдар әдетте цифрлық сауатталықтарын дамыту үшін сапалы цифрлық ресурстар мен мүмкіндіктерге үздік қолжетімділікке ие, әрі олар технологияларды мансаптық өсу, ақпарат алу және сыни ойлауды дамыту үшін пайдаланады. Керісінше, мәртебесі мен білімі төмен адамдар «цифрлық теңсіздікпен»

бетпе-бет келуі мүмкін (мысалы, қолжетімділіктің болмауы, баяу интернет, қымбат қондырғылар). Олардың технологиялармен өзараәрекеттестігі көңіл көтеру контенттерімен немесе базалық функциялармен шектелуі мүмкін, ал бұл әлеуметтік жіктелуді ушықтыруға қабілетті.

Географиялық орналасу да цифрлық интеграция дәрежесіне әсер етеді. Қала тұрғындарының әдетте, жоғары жылдамдықтағы интернетке және түрлі цифрлық қызметтерге қолжетімділігі жоғары, бұл олардың цифрлық кеңістіктегі терең бірігулеріне ықпал етеді. Ауыл тұрғындары, керісінше, инфрақұрылымдық мәселелермен және желіге қолжетімділіктің шектеулігімен жиі бетпе-бет келеді, бұл «цифрлық алшақтықты» тудырады және қолжетімді цифрлық мүмкіндіктердің аясын тарылтады.

Кәсіби қатыстылық технологияларды пайдалану сипатын анықтайды. IT саласы мамандары, ғалымдар мен шығармашылық мамандықтар өкілдері цифрлық технологияларды негізгі жұмыс аспабы, ақпарат көзі және бірлескен жұмыс платформасы ретінде қарқынды қолданады. Олардың құндылықтары инновацияларға, бейімділікке және жаһандануға бағдарланған болуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтар немесе цифрландырудың төмен деңгейі орын алған салалар технологияларды аз дәрежеде қолдануы мүмкін, әрі олардың құндылықтары цифрлық трансформацияға аз ұшырайды.

Мәдени контекст пен ұлттық бірегейлік те цифрлық әсерге ықпалын тигізеді. Цифрлық орта космополиттік құндылықтардың таралуына ықпал ете де алады және парадоксальды түрде жергілікті немесе ұлттық бірегейлікті нығайтады да. Бұл мамандандырылған онлайн-қауымдастықтарды құру, ана тіліндегі контенттермен алмасу және цифрлық форматта дәстүрлерді сақтау арқылы жүзеге асады. Әсер ету сипаты қоғамның ашықтығы дәрежесіне, цензураның болуына және ұлттық цифрлық инфрақұрылым мен контенттердің даму деңгейіне тәуелді.

Сонымен, жеке тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері мен құндылық көзқарастары да үлкен рөл атқарады. «Идеалистер», «прагматиктер» және «дәстүршілдер» сияқты топтар (Е.В. Бродовская және басқалардың жіктеуі бойынша) цифрлық өзгерістерді түрліше қабылдайды және оларға түрліше бейімделеді, бұл олардың құндылықтарынан көрініс табады: біреулері өзгерістерге дайын, келесілері қарсы тұрады. Индивидуализмге, ұжымшылдыққа немесе гедонизмге бейімділікті де цифрлық орта күшейте алады, бірақ топтағы бұл белгілердің бастапқы деңгейі де маңызды.

Осылайша, әлеуметтік топтарға цифрлық әсердің біртекті болмауы демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және психологиялық факторлардың кешенді өзараәрекеттестігіне негізделген. Бұл өзгерістерді

терең түсіну цифрландырудың тиімді стратегияларын әзірлеу және оның ықтимал теріс салдарын азайту үшін өте маңызды.

Ғалымдардың зерттеу жұмыстарын талдау мәдени құндылықтардың трансформациясының келесі паттерндерін анықтауға мүмкіндік берді (2 кесте):

2-кесте – Мәдени құндылықтардың трансформациясының паттерндері

Құндылық санаты	Дәстүрлі көрінісі	Цифрлық трансформациясы	Әсер ету деңгейі
Кәсіпқойлық	Формальды білім беру, тәлімгерлік арқылы мансапты тандау	Онлайн-өз білімін жетілдіру, желілік кәсібилендіру	Жоғары
Азаматтық белсенділік	Жергілікті, ұлттық іс-шараларға қатысу	Цифрлық белсенділік, онлайн-қауымдастықтар	Орташадан жоғарыға
Моральдық құндылықтар	Бетпе-бет қарым-қатынастағы сүйіспеншілік, достық, адалдық	Цифрландырылған қарым-қатынастар, айқын моральдық кодекстің болмауы	Жоғары
Мәдени тұтыну	Мәдени іс-шараларға бару	Енжар цифрлық тұтыну, әлеуметтік желілер	Ләззат алу (гедонизмге/көңіл көтеруге көшу)
Ұлттық бірегейлік	Отбасы, жергілікті дәстүрлер, тіл	Жаһандық контентпен үйлестіру, кейбіреуінде этникалық фокусты жанғырту	Айнымалы (контентке байланысты)
Құндылықты бағдарлар	Әлеуметтік маңызды, ұжымдық	Индивидуалистік, гедонистік, фрагменттік	Жоғары
Коммуникация үлгілері	Бетпе-бет, ресми	Онлайн, бейресми, көпміндеттілік	Жоғары


Ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасай келе, негізгі паттерндерді, сондай-ақ түрлі топтардың цифрлық әсерді қабылдау деңгейін анықтадық. Және де біз құндылықты бағдарларындағы ұрпақтар бойынша айырмашылықты анықтау мақсатында респондентердің екі тобы арасында сауалнама жүргіздік: 45-50 жас аралығында аға буын және 17–20 жас аралығындағы жастар.

Нәтижелер мен талқылау

Сауалнама Қазақстанда тұратын аға және жас буын өкілдерінің мәдени құндылықтарының трансформациясы деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеу барысында сауалнама және деректерді сандық талдау әдістері қолданылды.

Сауалнамаға барлығы 160 респондент қатысты: 45–50 жастағы 80 респондент және 17–20 жас аралығындағы 80 респондент.

Мысалы, «Сіз интернетті белсенді пайдаланғанға дейін бос уақытыңызды қалай ұйымдастырдыңыз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары келесідей болды (1 сурет):




1-сурет – «Сіз интернетті белсенді пайдаланғанға дейін бос уақытыңызды қалай ұйымдастырдыңыз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

1-суретте көріп отырғанымыздай, ересектерде бос уақыттағы негізгі іс-әрекет түрі туыстарымен және достарымен қарым-қатынас болды – 92 %. Екінші орында «кітап оқу» – 71 % және соңғы орында «волонтерлік жұмыс» – 64 %. Бұл өте түсінікті. Құндылықты бағдарлар бүкіл кеңестік тәрбие жүйесінің негізгі өзегі болды. Олар бала өмірінің барлық кырларына – отбасы мен балабақшадан бастап мектепке, пионер және комсомол ұйымдарынан бастап, еңбек ұжымдарына дейін етене еніп, мақсатты және жүйелі түрде қалыптастырылды.

Респонденттердің екінші санатының – «жастардың» жауаптарына келер болсақ, бірінші орынды «теледидар көру» алады – 88 %. Жауаптар арасында екінші орынды «спортпен айналысу» – 49 %, үшінші орынды «достармен белсенді ойындар» алды.

Бір сұрақтың өзінен біз құндылық бағдарларындағы түрлі ұрпақтардағы айырмашылықты көреміз.

Одан әрі «Қазіргі күні интернеттегі тынығудың қандай түрлері сіз үшін анағұрлым тартымды?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары келесідей орналасты (2 сурет):



2-сурет – «Қазіргі күні интернеттегі тынығудың қандай түрлері сіз үшін анағұрлым тартымды?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

2-суретте жастардың интернет ресурстарға қызығушылықтары жоғары екені көрінеді. Ересек буын өкілдері де цифрлық технологияларды пайдалануда артта қалмайды. Алайда, өкінішке орай, ересек респонденттердің 84 %-ында қарым-қатынас қазіргі күні онлайн жүзеге асырылады. Ересектердің 79 %-ы өздерінің бос уақыттарын YouTube арнасын көру арқылы ұйымдастырады, респонденттердің 59 %-ы онлайн жаңалықтар оқиды, 58%-ы онлайн сатып алулар жасайды.

Жастарға келетін болсақ, олар аз нәрсе қызықтыратынын атап өткен жөн. Бұл онлайн курстар, шеберлік сыныптары (негізгі оқудан тыс) – 15 %, жаңалықтар оқу – 26 %. Қалған жауаптар 83% және жоғары үлеске ие болды.

Қорытынды

Осылайша, жүргізілген теориялық-тұжырымдамалық талдау және эмпирикалық мәліметтер негізінде цифрлық технологиялар жастардың мәдени құндылықтарына терең және көпқырлы әсер ететіндігі, сол арқылы олардың түбегейлі өзгеруіне әкелетіндігі жайлы қорытынды жасауға болады. Негізгі ғылыми тәсілдерді және сауалнама нәтижелерін талдау дәстүрлі ұжымдық құндылықтардан анағұрлым индивидуалистік, гедонистік және фрагменттелген бағдарларға қарай жүйелі алмасу байқалатынын көрсетеді. Бұл үрдіс формальды білім беруден онлайн оқуға, сондай-ақ онлайн белсенділікке өтетін азаматтық белсенділікті қамтитын кәсіби құндылықтарды қоса өмірдің түрлі салаларына әсер етеді.

Ұрпақтар арасындағы жүргізілген сауалнама тынығу тәжірибесі мен құндылықты бағдарлардағы едәуір айырмашылықты дәлелдеді. Сонымен бірге, аға буын өкілдері Интернет дәуіріне дейін туыстарымен және достарымен жанды қарым-қатынасты қалаған болса, жастар цифрлық көңіл көтеруге белсенді тартылған. Алайда, тіпті аға буын арасында да онлайн коммуникацияға және цифрлық контентті тұтынуға жаппай көшу байқалады. Қорытындылай келе, әлеуметтік-мәдени дамуды болжау және цифрландыруға бейімделудің тиімді стратегияларын жасау үшін құндылықтар трансформациясының күрделі динамикасын терең түсіну қажет. Бұл зияткерлік әлеуеттің төмендеуі және демографиялық мәселелер сияқты ықтимал тәуекелдерді азайтуға және үйлесімді қоғамды құру үшін цифрлық дәуірдің артықшылықтарын барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Дюмазедье, Ж.** Планирование досуга и культурное развитие [Текст] // Образование взрослых и досуг в современной Европе. – Прага : Обрис, 1966. – С. 51–59.

2 **Демиденко, А. С.** Трансформация досуговых практик городской молодежи в профессиональный ресурс (на примере блогосферы) [Текст] // Вестник Южно-Российского государственного технического университета. Серия: Социально-экономические науки. – 2022. – № 6. – Т. 15. – С. 134–141. – <https://doi.org/10.17213/2075-2067-2022-6-134-141>.

3 **Вараксин, А. В.** Влияние социальных сетей на формирование ценностных ориентиров современной молодежи [Текст] // Преподаватель XXI век. – 2016. – № 2–1. – С. 205–212.

4 **Будянская, Т. В.** Социальные сети как фактор становления культурных ценностей современной молодежи [Текст] // Социально-гуманитарные знания. – 2022. – № 2. – С. 348–351.

5 **Рубан, А.** Влияние социальных сетей на формирование идентичности подростков и молодежи [Текст] // Научный вестник Измаильского государственного гуманитарного университета. – 2021. – № 56. – С. 213–220. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://visnyk.idgu.edu.ua/index.php/nv/article/view/507>

6 **Лосев, Д. В.** Социокультурные аспекты дефрагментации национального культурного кода и их отражение в образовательном процессе [Текст] // Образование и наука в России и за рубежом [Интернет]. – 2024. – Т. 14, № 1–2. – С. 38–45. – Дата публикации : 30 января 2024 г. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://emreview.ru/index.php/emr/article/view/1290> (дата обращения: 19.06.2025).

7 **Гигин, В. Ф., Грищенко, Ж. М.** Студенты эпохи цифровых технологий : жизненные смыслы в реалиях белорусского общества [Текст] // Социологические исследования. – 2023. – № 1. – С. 110–120.

8 **Зубок Ю. А., Чупров В. И.** Культура в жизни молодёжи: потребность, интерес, ценность [Текст] // Вестник Института социологии. 2018. Том 9 № 4. С. 170-191. <https://doi.org/10.19181/vis.2018.27.4.546>. – <https://www.vestnik-isras.ru/article/546>

9 **Бродовская, Е. В., Домбровская, А. Ю., Пырма, Р. В., Синяков, А. В., Азаров, А. А.** Влияние цифровых коммуникаций на формирование профессиональной культуры российской молодежи: результаты комплексного прикладного исследования [Текст] // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2019. – № 1. – [Электронный ресурс]. – <https://doi.org/10.14515/monitoring.2019.1.11>.

10 **Васильева, Л. В., Маслакова, М. В., Толстоухова, И. В.** Культура в жизни студенческой молодежи [Текст] // Вестник Сургутского государственного педагогического университета. – 2024. – № 5(92). – С. 47–52. – <https://doi.org/10.69571/SSPU.2024.92.5.008>.

11 **Церковникова, Н. Г., Третьякова, В. С.** Цифровое поколение: потери и приобретения [Текст] // Профессиональное образование и рынок труда. – 2021. – № 2. – С. 53–65. – <https://doi.org/10.52944/PORT.2021.45.2.004>.

References

1 **Dyumazed'e, Zh.** Planirovanie dosuga i kul'turnoe razvitie [Planning of leisure and cultural development] [Text] // Obrazovanie vzroslykh i dosug v sovremennoi Evrope. – Praga: Obris, 1966. – p. 51–59.

2 **Demidenko, A. S.** Transformaciya dosugovykh praktik gorodskoy molodezhi v professionalnyy resurs (na primere blogosfery) [Transformation of

leisure practices of urban youth into a professional resource (on the example of the blogosphere)] [Text]. – Rostov-na-Donu : Yuzhno-Rossiiskii gosudarstvennyi tekhnicheskii universitet, 2022. – Vol. 15, № 6. – p. 134–141. – <https://doi.org/10.17213/2075-2067-2022-6-134-141>.

3 **Varaksin, A. V.** Vliyanie social'nykh setey na formirovanie tsennostnykh orientirov sovremennoi molodezhi [Influence of social networks on the formation of value orientations of modern youth] [Text] // Prepodavatel' XXI vek. – 2016. – № 2-1. – p. 205–212.

4 **Budyanskaya, T. V.** Social'nye seti kak faktor stanovleniya kul'turnykh tsennostey sovremennoi molodezhi [Social networks as a factor in the formation of cultural values of modern youth] [Text] // Social'no-gumanitarnye znaniya. – 2022. – № 2. – p. 348–351.

5 **Ruban, A. V.** Vliyanie socialnykh setej na formirovanie identichnosti podrostkov i molodezhi [Influence of social networks on the formation of identity of adolescents and youth] [Text]. In Nauchnyy vestnik Izmail'skogo gosudarstvennogo humanitarnogo universiteta. – 2021. – № 56. – p. 213–220. – [Electronic resource]. – Access mode: <http://visnyk.idgu.edu.ua/index.php/nv/article/view/507>.

6 **Losev, D. V.** Sociokulturnye aspekty defragmentatsii nacionalnogo kulturnogo koda i ix otrazhenie v obrazovatel'nom processe [Sociocultural aspects of defragmentation of the national cultural code and their reflection in the educational process] [Text] [Internet]. – 2024. – Vol. 14, № 1–2. – p. 38–45. – Data publikatsii: 30 yanvarya 2024 g. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://emreview.ru/index.php/emr/article/view/1290> (data obrashcheniya: 19.06.2025).

7 **Gigin, V. F., Grishhenko, Zh. M.** Studenty epokhi cifrovyykh tekhnologiy: zhiznennyye smysly v realiyax belorusskogo obshchestva [Students of the digital technology era: life meanings in the realities of Belarusian society] [Text] // Sociologicheskie issledovaniya. – 2023. – № 1. – p. 110–120.

8 **Zubok, Yu. A., Chuprov, V. I.** Kultura v zhizni molodyozhi: potrebnost, interes, tsennost [Culture in the lives of young people: necessity, interest, value] [Text] // In Vestnik Instituta sotsiologii. – 2018. – Vol. 9, № 4. – p. 170–191. – <https://doi.org/10.19181/vis.2018.27.4.546>. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.vestnik-isras.ru/article/546>.

9 **Brodevskaya, E. V., Dombrovskaya, A. Yu., Pyrma, R. V., Sinyakov, A. V., Azarov, A. A.** Vliyanie tsifrovyykh kommunikatsii na formirovanie professional'noi kul'tury rossiiskoi molodezhi: rezul'taty kompleksnogo prikladnogo issledovaniya [The influence of digital communications on the formation of professional culture among Russian youth: results of a comprehensive applied study] [Text]. In Monitoring obshchestvennogo mneniya: ekonomicheskie

i sotsial'nye peremeny. – 2019. – № 1. – Access mode: <https://doi.org/10.14515/monitoring.2019.1.11>.

10 Vasil'eva, L. V., Maslakova, M. V., Tolstoukova, I. V. Kul'tura v zhizni studencheskoi molodezhi [Culture in the life of student youth] [Text]. In Vestnik Surgutskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. – 2024. – № 5(92). – p. 47–52. – <https://doi.org/10.69571/SSPU.2024.92.5.008>

11 Cerkovnikova, N. G., Tret'yakova, V. S. Tsifrovoe pokolenie: poteri i priobreteniya [Digital generation: losses and gains] [Text]. In Professional'noe obrazovanie i rynek truda. – 2021. – № 2. – p. 53–65. – <https://doi.org/10.52944/PORT.2021.45.2.004>.

01.02.25 ж. баспаға түсті.

19.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

М. Ж. Байтанатова¹, А. Уалиханова², Г. А. Спатаева³,

*М. О. Искакова⁴, Г. Д. Махамбетова⁵

^{1,2,3}Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Республика Казахстан, г. Шымкент;

^{4,5}Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу», Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 01.02.25.

Поступило с исправлениями 19.01.26.

Принято в печать 15.05.26.

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ТРАНСФОРМАЦИЮ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ: ТЕОРЕТИКО-КОНЦЕПТУАЛЬНЫЙ ОБЗОР

Данная статья представляет собой теоретико-концептуальный обзор, посвященный изучению влияния цифровых технологий на трансформацию культурных ценностей молодежи. В условиях ускоряющейся цифровизации особое внимание уделяется молодому поколению, как наиболее интегрированной в онлайн-среду группе. Целью работы является систематизация и анализ ключевых научных подходов и эмпирических данных, описывающих изменение ценностных установок и поведенческих моделей в условиях цифровой реальности. Исследование основано на обзоре трудов ведущих ученых и подтверждено результатами собственного количественного опроса

двух поколений в Казахстане. Проведенный анализ выявил заметный сдвиг от социально-ориентированных и коллективных ценностей к индивидуалистическим, гедонистическим и фрагментированным ориентациям. Это проявляется в трансформации профессиональных ценностей (переход к онлайн-самообразованию), гражданской активности (смещение к онлайн-активизму) и культурного потребления (от активного к пассивному цифровому досугу). Влияние цифровых технологий является амбивалентным, поскольку оно может как способствовать формированию космополитических взглядов, так и укреплять национальную идентичность, создавая гибридные культурные мировоззрения. При этом воздействие неоднородно и зависит от социально-экономических, географических и психологических факторов, что приводит к сегментации молодежи на различные группы, такие как «идеалисты», «прагматики» и «традиционалисты». Результаты опроса подтвердили глубокую поколенческую разницу в досуговых практиках и ценностных ориентациях, продемонстрировав значительное замещение живого общения онлайн-форматами даже среди взрослого поколения. Выводы статьи имеют важное значение для разработки образовательной и культурной политики, направленной на минимизацию рисков, связанных с цифровой зависимостью и интеллектуальной деградацией, и максимизацию возможностей для развития нового поколения.

Ключевые слова: Цифровые технологии, культурные ценности, молодежь, трансформация, досуг, поколенческие различия, онлайн-платформы, индивидуализм.

M. Zh. Baitanatova¹, A. Ualikhanova², G. A. Spataeva³,

**M. O. Iskakova⁴, G. D. Makhambetova⁵*

^{1,2,3}M. Auezov South Kazakhstan Research University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent;

^{4,5}National Center for Professional Development «Өrleu»,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 01.02.25.

Received in revised form 19.01.26.

Accepted for publication 15.05.26.

THE IMPACT OF DIGITAL TECHNOLOGIES ON THE TRANSFORMATION OF YOUTH CULTURAL VALUES: A THEORETICAL AND CONCEPTUAL REVIEW

This article presents a theoretical and conceptual review devoted to examining the impact of digital technologies on the transformation of youth cultural values. In the context of accelerating digitalization, special attention is given to the younger generation as the group most deeply integrated into the online environment. The aim of the study is to systematize and analyze key scientific approaches and empirical data describing changes in value orientations and behavioral patterns in the digital reality. The research is based on a review of works by leading scholars and is supported by the results of an original quantitative survey conducted among two generations in Kazakhstan.

The analysis revealed a marked shift from socially-oriented and collective values to more individualistic, hedonistic, and fragmented orientations. This is reflected in the transformation of professional values (a shift toward online self-education), civic engagement (a move toward online activism), and cultural consumption (from active to passive digital leisure). The influence of digital technologies is ambivalent: it can promote the development of cosmopolitan views while simultaneously strengthening national identity, thus creating hybrid cultural worldviews.

At the same time, the impact is not uniform and depends on socio-economic, geographical, and psychological factors, leading to the segmentation of youth into groups such as “idealists”, “pragmatists,” and “traditionalists”. The survey results confirmed a significant generational divide in leisure practices and value orientations, demonstrating a substantial replacement of live communication with online formats – even among the older generation. The article’s conclusions are highly relevant for the development of educational and cultural policies aimed at minimizing the risks of digital dependency and intellectual degradation, while maximizing opportunities for the advancement of the new generation.

Keywords: digital technologies, cultural values, youth, transformation, leisure, generational differences, online platforms, individualism.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz